

**"Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауды бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 575 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 1981 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 сәуірде № 208-17 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 8-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауды бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 575 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27596 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласының әкімі*

*Г. Сыздықбеков*